

Бекітемін:

№21 «Алпамыс» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі Э.Нурмағанбетова



«Айналайын» ересектер тобының 2020- 2021оқу жылына арналған

«Бәрін білгім келеді» вариативтік бөлімінің

тақырыптық перспективті жоспары

Түсініктеме хат

Сөз құдіретінің адам өміріндегі орны мен маңызы жайлы әркімге түсіндіріп, ұғындырып жатудың керегі жоқ. К.С.Аксанов жазған екен: «Сөз саналылықтың бірінші көрінісі. Сөз ішкі дүниені сыртқа аудару, шығару». Ал саналылық бүкіл адам болмысының айнасы, әсіресе мектепке дейінгі шақта ерекше қалыптасқанын ұмытпауымыз керек. Балаларға осы құдіретті бойына дұрыс дарыта білу ұстаздар міндеті. Тілдік қорды байыту, оны толықтыру мектепалды дайындық топтарында тіл дамыту жұмыстарының негізгі пайызын құрайды.

Тілдік қорды толықтырмай тіл дамыту жұмысы жайлы айтудың өзі артық болар еді.

Ал табиғат бұл кезде нағыз сарықмас қазына болып табылады. Табиғаттағы өлі және тірі тіршілік иелерінің өміріне, оның өзіне ғана иісіне, түрлі түсті бояуларының өзі, шығаратын түрлі дыбыстарымен, халықтың наным-сенімінен туған түрлі нанымдармен таныстыра отырып, баланың тілін дамытып, оның дүниеге көзқарасын қалыптастыруға болады.

Бағдарламаның нәтижесі көрсеткендей, бағдарлама балаларға нақты табиғат иелеріне, аңдарға, өсімдіктерге қамқорлық сезімін тудырып, туған қаласының немесе ауылының табиғаты туралы терең білім алып, тіл байлықтарын дамытып, сөздік қорларын байытуға әкеледі.

Бағдарлама принциптері

- Сөздерді іріктей алуға, ол сөздің орнын, қайда тура қолдануын нақтылайды;
- Балалардың сөздік қорын, сөз байлығын дамыту, байланыстырып сөйлеуді дамытады
- Балалардың еске сақтауын жақсартады, мәнерлеп айтуын қадағалайды;
- Табиғат туралы түсініктері мен білетін ұғымдарын тереңдетеді, қарапайым заңдылықтарды түсіндіреді, қоршаған ортамен байланысты дамытады.
- Қоршаған ортаның, табиғаттың сұлулығын түсіне білуге үйретеді, оны сөз арқылы бере білуге дағдыланады;
- Экологиялық мәдениетке тәрбиеленеді.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

- балалардың сөздік қорын дамытады, антоним және синоним сөздерді ажырата білуге баулиды;
- табиғаттың түрлі құбылыстарын, жануарлар жайлы көркем әдебиеті туындыларымен таныстырады;
- Өсімдік, жануарлар өмірі туралы білімдерін тереңдетеді, күзгі кезеңдегі табиғат ерекшеліктерін айтады, өлі және тірі табиғат арасындағы байланысты түсіндіреді;
- Сөйлеуде мағынасы бір-біріне жақын, және мағыналары бір-біріне қарсы сөздерді қолдануға үйретеді;
- Есте сақтауын, мәнерлеп айтуын қадағалайды;
- Танымдық түрдегі қосымша ақпараттар береді;
- Балаларды еркін сөйлеуге, өз ойын жеткізе білуге, есін дамытуға, мәнерлеп айта білуге үйретеді;
- «Өлі және тірі» табиғат арасындағы байланысты үйретеді;
- табиғатты қорғай білуге, қамқор болуға үйретеді;
- балалардың жыл бойы алған білімдерін ойын арқылы, ойын-тапсырмаларда, сауалнамалар арқылы жаттықтырады;
- Сөздік қорын бекітеді, сөйлеуде эпитеттер, нақылдарды қосуға бағдарлайды.

Білу керек:

1. Антоним, синоним, салыстыру не екенін;
2. Мезгілдік өзгерістерді
3. Экологиялық өлеңдер мен әңгімелер мазмұнын;
4. Экологиялық тізбектерді

Ұғына алу керек:

1. Антоним, синоним, салыстыруларды қолдана білуге
2. Өлі және тірі табиғат байланысын
3. Саналы жауап беруге, ой ұшқырлығы
4. Көркем әдебиеттің мазмұнын айта білуге

Ересек топтағы балаларға арналған.

Жылдық сағат саны 36- аптасына 1 рет.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АТАУЫ

№	Тақырыбы	Мақсаты	сағаты	
1.	Табиғат туралы түсінік.	Қоршаған дүниені бақылап, байқағандарын қорытындылай біледі	1	01.09.2020
2.	Жыл мезгілдеріне саяхат	Олардың ерекшеліктері туралы білімдерін тиянақтайды. Табиғаттағы сүюге, қорғауға тәрбиеленеді.	1	08.09.2020
3.	Өсімдіктер қалай өседі?	Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастырады	1	15.09.2020
4.	Біз доспыз бәрімен.	Табиғаттың әрбір тамшысына қуанып, оны қорғай білуге, табиғаттың барлық бөлшектерімен дос болуға баулиды.	1	22.09.2020
5.	«Табиғат әсемдігі»	Экологиялық тәрбие беру, ұжымшылдыққа және бір –біріне көмектесе білуге үйренеді. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиеленеді.	1	29.09.2020
6.	Күз келді(саяхат сабақ).	Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейтеді, күз туралы түсінік береді.	1	06.10.2020
7.	Құстар –біздің досымыз.	Балаларға құстар туралы түсінік бере отырып Қазақстанда кездесетін құстардың түрлерімен таныстырылады. Құстардың әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы әңгімелейді.	1	13.10.2020
8.	«Өсімдіктердің	Өсімдіктер жайлы білімдерін бекітеді (бөлме өсімдіктері, жабайы	1	20.10.2020

	қасиеттері мен құрлысымен таныстыру»	өсімдіктер, емдік шөптер) Бөлме өсімдіктері жайлы түсініктері қалыптасады		
9.	Табиғат бұрышындағы су патшалығы	Баланың шамасына қарай, тірі тіршілік иелерін, табиғат бұрышындағы құстар, балықтар, сумен таныстыра отырып өздерінің ой – пікірлерін айтуға тәрбиелейді.	1	27.10.2020
10.	Экологиялық белгілер.	Туған өлкенің табиғатын бағалай білу туралы халық болжамдары жөнінде түсінік береді.	1	03.11.2020
11.	Мөлдір су.	Балалар судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсінеді.	1	12.11.2020
12.	«Біз қалай тамақтанамыз»	Балалардың тағамдар жөнінде түсініктері қалыптасады Сүт тағамдарымен танысады, сүттің адамға пайдасы туралы түсінік алады.	1	17.11.2020
13.	«Көкөністер мен жемістер»	Жемістер мен көкөністерді ажыратып, оларды дұрыс айтуға үйренеді. Көкөністер мен жемістер туралы білімін қорытындылайды,	1	24.11.2020
14.	Қыс ерекшеліктері	Балалар қыс мезгілін сипаттау арқылы табиғат тамашаларымен танысады. Жыл мезгілдерінің өзгерістері туралы білімдерін кеңейтеді.	1	28.11.2020
15.	Қысқы табиғатқа саяхат	Қысқы табиғаттың әсемділігін тамашалап, шығармашылық жұмыстарды орындау дағдысын қалыптастырады.	1	15.12.2020
16.	Ауа-райы болжамы	Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына (жаңбыр, қар, тұман, бұршақ, қырау) бақылау нәтижелерін айта білуге үйренеді.	1	22.12.2020
17.	«Саябақта, орманда, өзіңді қалай ұстау керек?»	Табиғат аясындағы өз әрекеттеріне және қоршаған ортаға байланысты адам қылықтарына баға бере білуге дағдыланады.	1	19.12.2020

18.	«Қыс қызығы»	Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиеленеді. Зейін қойып тыңдай білуге үйренеді.	1	05.01.2014
19.	Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі.	Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейтеді. Сурет бойынша сөйлем құрастыруға, сұраққа жауап алу арқылы ойлау қабілеттерін дамытады.	1	12.01.2014
20.	Көктем. Күз.	Көктемжәне күз мезгілімен танысады. Байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Күз және жаз мезгілі туралы әңгіме құрай білуге дағдыланады	1	19.01.2014
21.	Қыс. Жаз	Қыс пен жаздың айырмашылығын ажыратады, салыстырады, екі жыл мезгілінің өзіне ұнайтын жақтарын іріктеп айта алады.	1	16.01.2014
22.	«Адам, табиғат, денсаулық»	Адам денсаулығының қоршаған ортамен байланысын анықтайды. Қысқы демалысты дұрыс ұйымдастыра білуге үйренеді;	1	02.02.2014
23.	Қыстайтын құстар	Қыстап қалатын құстар туралы балаларға айтып олардың немен қоректенетіні туралы айтып білімін жетілдіреді.	1	09.02.2014
24.	Орман, ағаштар	Табиғат туралы түсінік береді. Сөздік қорларын арттырады. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа тәрбиеленеді.	1	16.02.2014
25.	Наурыз-жыл басы.	Наурыз-жыл басы, күн мен түннің теңелуі, табиғаттағы қамқорлық мерекесі екені жөнінде түсінік береді. Көктем мезгілінде табиғаттың жаңаратынын мысалдар келтіру арқылы түсіндіріледі	1	13.02.2014
26.	«Ғаламшардың әуе мұхиты»	ғаламшар туралы түсініктерін кеңейтеді	1	02.03.2014
27.	«Бидайды бақылау»	Балаларды зерттеуге қызығушылықтарын арттырады, балаларды бидайды зерттеуге үйренеді	1	09.03.2014

28.	Жасыл дәріхана.	Емдік қасиеті бар өсімдіктермен танысады, оларды қажет мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын үйренеді.	1	16.03.2024
29.	Жәндіктер	Балаларға жәндіктер жайлы түсінік беріледі. Балалардың сөйлеу тілін дамытады, тілдерін жаттықтырады. Жәндіктерге қамқорлық сезіммен қарай білуге тәрбиеленеді	1	20.03.2024
30.	«Нәзік қанаттылар»	Жәндіктер туралы түсініктерін тереңдетеді, оларды бір-бірінен ажыратуға, оларға қамқорлық жасауға үйренеді.	1	05.04.2024
31.	Балабақша ауласына саяхат	Бұталардың өсетін жерін, жемісінің емдік қасиетін біледі. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну қабілеттерін қалыптастырады.	1	12.04.2024
32.	Өсімдіктер- тірі табиғат бөлшегі	Гүлдердің өсіп-өнуі жайында түсінік беру. Гүлдердің түрлерін ажырата білуге үйренеді. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтайды, Тұған елінің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке жастайыннан тәрбиеленеді.	1	20.04.2024
33.	«Қызыл кітапқа енген жануарлар».	Қазақстандағы Қызыл кітапқа енген жануарлармен (арқар, киік, барыс, қарақұйрық) таныстыру. Оларды сыртқы келбетіне қарай ажырата білуге үйренеді.	1	27.04.2024
34.	«Табиғатқа қалай көмек бере аламын?».	су көздерін тазарту, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді қорғау. Саябақты, орманның ластанудан, қоқыстан сақтау, көмек көрсетуге дағдыланады.	1	04.05.2024
35.	Ғажайып алаң.	Гүлдердің көбеюі жайында түсініктері қалыптасады, бөліктерін біледі, гүлді суреттеу арқылы танып білуге үйренеді.	1	11.05.2024
36.	Флора әлемі.	Өсімдіктерге ылғалдың қажетті мөлшерде керектігін түсінеді, адам өмірінде өсімдіктердің пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейеді.	1	18.05.2024



№ 24 «Алпым» Бюбюкжой-Байбюкжой
Министрлер Кеңеші: *Алпым* С. Нурмаганбетов

«Айналайын» ересек тобы
«Сықырлы сандар»
(Вариативтік компонент)

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Сықырлы қалам» вариативтік бөлік бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сықырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Сикырлы қалам» вариативтік бөлік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мақсаты:

Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіреді

Міндеттері:

- Заттардың әр-түрлі топтарын санайды, оның саны мен сапасын анықтайды;
- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіреді;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейтеді
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталайды, бекітеді;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолданады.

Мазмұны:

- Түс және пішін
- Сан және санау
- Бүтін және бөлік
- Геометриялық фигуралармен танысады

Такырыптык жоспар үлгісі

№	Такырыбы	Сағат саны	Күні	Көрнектілігі	Мақсаты
1	Сурет бойынша сызыктарды қосу	1	03.09.2020	Дидактикалық үлестірмелер, суреттер	Балалардың көз зердесін қалыптастырады
2	Түс және пішін	1	10.09.2020	Суреттер	Түсті және заттардың пішінін ажырата біледі
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын, орнын ауыстыру	1	17.09.2020	Сурет	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік қалыптасалды
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	1	24.09.2020	Суреттер	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстырады
5	«Біз нешеуіміз»	1	01.10.2020	Үлгі, суреттер	Санауға үйренеді, есте сақтау қабілетін дамытады
6	Суретпен жұмыс	1	08.10.2020	Үлгі, суреттер	Суреттегі заттарды салыстырады, олардың айырмашылықтарын таба біледі
7	«Кім қай партала отыр?» (Ойын)	1	15.10.2020	Сурет	Санар қатары туралы түсініктерін бекітеді
8	«Сызырлы қоржын» (Ойын)	1	22.10.2020	Таңбалар үлгісі,	Геометриялық фигураларды тани білу

				сандар	дағдыларын қалыптасалы
9	Таныс фигураларды ата	1	29.10.2020	Сандар	Балалардың көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамытады
10	Геометриялық фигуралармен танысу	1	05.11.2020	Фигуралардың суреттері, атаулары	Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстырады
11	«Сәулетші» ойыны	1	12.11.2020	Сандар, суреттер	Геометриялық фигуралардан түрлі заттар құрастырады
12	Қызықты текше	1	19.11.2020	Кестелер, суреттер	Сандардың ретін меңгереді
13	Көңілді санамақтар	1	26.11.2020	Сандар, суреттер	Жылдам санау дағдыларын қалыптасады
14	«Ойнайық та, ойлайық»	1	03.12.2020	Сандар	Логикалық есептер шығаруға үйренеді
15	«Жылдам ойлан!»	1	10.12.2020	Фигуралардың суреттері	Ойын – тест арқылы қажетті жауапты тандай білуге дағдыланады
16	Сырсандық білімдарларға	1	24.12.2020	Фигуралар	Белгісіз санды және өрнектің мәнін табуға машықтанады
17	Бүтін және бөлік	1	31.12.2020	Суреттер	Бүтін заттың бірнеше бөліктен тұратынын түсінеді
18	Сұйық және сусымалы	1	07.01.2021	Суреттер	Сұйық және сусымалы заттарды ажырата білуге үйренеді
19	Қай уақыт, сағат неше?	1	14.01.2021	Сағат	Уақыт туралы түсініктерін дамытады

20	Заттардың орналасуы	1	01.01.2021	Сандар	Заттарды түр – түсіне қарай ажыратуға, санауға үйренеді, ретімен орналастырады
21	Ойын есептер	1	02.01.2021	Суреттер	Ауызша есептеу дағдыларын дамытады
22	Тенге, монеталар.	1	04.01.2021	Суреттер	Балаларға тенге, монеталар жайында алғашқы түсінік қалыптасады
23	Ойын «Кім тапқыр?»	1	11.01.2021	Сандар, суреттер	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түседі
24	Дамино (Ойын)	1	18.01.2021	Суреттер	Сандар қатарын табу дағдыларын қалыптастырады
25	Есептер шығару	1	25.01.2021	Сандар	Арттыру, кеміту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастырады
26	«Кім жылдам?»	1	03.02.2021	Сандар	Қосу және азайту таңбаларын ажырата біледі дағдыларын қалыптастырады
27	Тез есепте!	1	11.03.2021	Сандар	0-ден 10-ға дейінгі сандар қатарын дұрыс айтуға дағдыланады
28	Ойын есептер «Ойлан тап!»	1	18.03.2021	Сандар	Балалар өз бетінше есеп құрастыруға үйренеді
29	10-ға дейінгі сандарды санауға үйрету «Сандардың орнын тап» ойын	1	05.05.2021	Кестелер	10-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша санауға дағдыланады

30	Сандар құрамымен жұмыс	1	01.04.2021	Сандар	Сандар құрамын жылдам таба білуге үйренеді
31	Ойнай отырып, ойла	1	08.04.2021	Сандар	Көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытады
32	Математикалық эстафета	1	15.04.2021	Сандар	Балалардың шапшаңдығын қалыптастырады
33	Логикалық есептер	1	22.04.2021	Сандар	Балалардың логикасын дамытады
34	«Ориаласу ретін тап» ойыны	1	29.04.2021	Сандар	Сандарды ретімен үйретуге баулиды
35	Санамақ жұмбақ	1	06.05.2021	Сандар	Балаларды сандарды санауға үйретеді
36	Тура және кері санау	1	13.05.2021	Сандар	Балаларды тура және кері санауға үйретеді, алған білімдерін бекітеді
	Барлығы	36сағат			

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған
3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарлама
4. Ш.Х.Құрманалина, С.Ш.Сәрсенбаева, Р.Қ.Өміртаева

Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар

5. Б.М.Косанов, Р.Қ.Өміртаева

Математикадан қызықты жаттығулар

6. Ш.Х.Құрманалина, М.Жұмабекова, Р.Өміртаева

Математикаға арналған дидактикалық материалдар

7. Л.В.Кириллинская, А. Сәулебаева, М.К. Абаева –Бегалиева

Сықырлы математика «Шикүла және К» 2010 жыл

8. Қызықты сандар күпиясы Алматы-2008 жыл

9. С.Мадалиева

Сықырлы математика елі

Құрастырушы –автор: С.Т.Аймағанбетова

Облыстық оқу орталығының шығармашылық топ мүшесі,
№37 орта мектеп директорының орынбасары, Сырдария ауданы